

БЕКІТЕМІН
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің Басқарма төрағасы – ректор
З.Ғ.Д., профессор

« _____ » _____
Н.О. Дулатбеков
2022 ж.



Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы 8D02301 - «Филология»: 6D020500 – 8D02306001 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Диссертациялық кеңес туралы

Ереже

1 Жалпы ережелер

Диссертациялық кеңес туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы 4-бабының 13-тармақшасына, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы Үлгі ереженің 4-тармағына, ҚР БҒМ 09.03.2021 ж. «Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №98 бұйрығына, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылдың 18 ақпандағы 8D02301 - «Филология»: 6D020500 – 8D02306001 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы №58 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2 Диссертациялық кеңесті құру тәртібі

2.1 Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті диссертациялық кеңесі – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – комитет) алдында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтініш беретін алқалы орган (бұдан әрі – диссертациялық кеңес).

2.2 Диссертациялық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, ғылыми хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады. Диссертациялық кеңестің құрамын кемінде 6 (алты) адам кіреді.

2.3 Диссертациялық кеңестің құрамына әрбір мамандық бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар мамандар кіреді, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде жартысы басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми немесе басқа ұйымдардың өкілдері, қалғандары академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің штаттық қызметкерлері болып табылады.

2.4 Диссертациялық кеңестің құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің хаттамалық шешімімен бекітіледі. Диссертациялық Кеңестің басқа қаладан келген мүшелерінің іссапар шығыны диссертациялық кеңес жұмыс істейтін ЖОО есебінен өтеледі.

2.5 Диссертациялық кеңестің ашылуы және құрамы туралы ақпарат академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті интернет ресурсында орналастырылады.

2.6 Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Комитетке атқарылған жұмыс туралы статистикалық есепті ұсынады. Есеп әр жылдың 30 желтоқсанына дейін ұсынылуы тиіс.

2.7 Диссертациялық кеңес жанында ғылыми семинар жұмыс істейді, оған тиісті мамандық бойынша диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі және университет ғалымдары – докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы мамандар қатысады. Семинар диссертациялық кеңестің бекітілген жұмыс кестесі шеңберінде өткізіледі.

Ғылыми семинардың жұмыс істеу мақсаты докторанттардың диссертациялық жұмыстары бойынша тандалған зерттеу тақырыбының өзектілігі, қорытындының негізділігі, зерттеу материалын жариялаудың толықтығы және т.б. бөлігінде негізделген қорытынды қалыптастыру болып табылады. Диссертациялық кеңес мүшелерінің ғылыми семинарға қатысуын диссертациялық кеңес төрағасының келісімі бойынша ғалым хатшы анықтайды.

3 Докторанттардың диссертацияларын диссертациялық кеңеске ұсыну тәртібі

3.1 Докторант оқудан өткен ЖОО докторанттың диссертациясын кафедраның және/немесе зертхананың (бөлімнің, орталықтың) кеңейтілген отырысында талқылауды қамтамасыз етеді.

3.2 Кеңейтілген отырыс өткізілуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы ғылыми дәрежесі бар 2 (екі) маманға жіберіледі.

3.3 Кеңейтілген отырысқа кафедра және/немесе зертхана мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (туыстық) кафедралардың (зертхана, бөлім, орталықтың), ғылыми және басқа да ұйымның өкілдері қатысады. Кеңесшілер болмаған жағдайда олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін отырыста кафедра/зертхана (бөлім, орталық) басшысы оқиды.

3.4. Докторант оқудан өткен ЖОО-ның бланкісінде ілеспе хатпен диссертациялық кеңеске мынадай құжатты ұсынады:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірі (мемлекеттік құпиясы бар диссертация үшін отандық кеңесшілердің пікірі);

2) кафедраның және/немесе зертхананың (бөлімнің, орталықтың) кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

3) қатты мұқабада және электронды тасығыштағы (CD-дискіде) диссертация (бұдан әрі – электрондық тасығыш);

4) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмесі.

5) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектісінің (тірі табиғат объектісі мен мекендеу ортасының) құқығын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеуді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижесін тарату үдерісінде бұзушылықтың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертация мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Құжаттарды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қабылдайды, ол оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде тіркейді және диссертациялық кеңеске ұсынады.

3.5 Докторанттар, соның ішінде басқа ЖОО-да оқыған докторанттар қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін **1 (бір) ай бұрын** диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинарда диссертацияның талқылауынан өтуі тиіс. Бұл ретте семинарға қатысатын диссертациялық кеңес мүшелері докторанттың диссертациясы бойынша рецензент болып тағайындалады, олар кейін қорғауда рецензент болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда докторанттың ғылыми зерттеуі саласындағы ғалым-мамандар қатарынан басқа да рецензент тағайындалуы мүмкін.

3.6 Қорғауға құрылымы мен мазмұны ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» (бұдан әрі – ереже) 5-8 тт. талабына (ҚР БҒМ 4.05.2013 ж. №172, 21.01.2016 ж. №56 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгеріспен) сәйкес келетін диссертациялық жұмыстар жіберіледі.

3.7 Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияның қорғау күнін анықтайды, ғылыми дәрежесі және докторанттың зерттеу саласында кемінде 5 ғылыми мақаласы бар екі рецензентті тағайындайды, олардың біреуі осы ЖОО-ның немесе докторант оқудан өткен ЖОО-ның қызметкері болмауы тиіс. Бұл ретте докторанттар құжатының түсу кезегі сақталады.

3.8 Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіз болу принципін басшылыққа алады. Рецензент бола алмайды:

1) комитет қызметкерлері;

2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыс бойынша докторанттың тең авторлары;

3) диссертация орындалған және/немесе докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін жоғары оқу орны мен ғылыми ұйым бөлімшесінің (кафедра, зертхана, бөлім, орталықтың) басшылары мен қызметкерлері.

Диссертациялық кеңес құрамынан рецензенттердің бірін тағайындауға рұқсат етіледі;

3.9 Диссертациялық Кеңес ЖОО-ның интернет ресурсында (мемлекеттік құпиясы бар материал мен диссертациядан басқа) докторанттардың қорғаулары және кеңес қызметі туралы келесі ақпаратты орналастырады:

1) мекенжайы, күні және уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

2) диссертация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын және диссертация қорғалғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде);

- 3) мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде жалпы көлемі 1 (бір) баспа парақтан кем емес (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын) аннотация (2-қосымша);
- 4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 5) қорғағаннан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді ғылыми кеңесшілердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын) (3-қосымша);
- 6) ресми рецензенттердің пікірі (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын) (5-қосымша);
- 7) қорғаудың бейнежазбасы (қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде);
- 8) диссертациялық кеңестің есебі (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде);
- 9) қорғау күнін, уақытын, орнын өзгерту туралы және рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыру (болған жағдайда).

Диссертацияны ЖОО-ның интернет ресурсында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиясы қолданылады.

Диссертацияны ЖОО-ның интернет ресурсында орналастырғаннан кейін диссертация мәтініне өзгеріс енгізуге рұқсат берілмейді. Жоғары оқу орнының интернет ресурсында диссертация мазмұны бойынша ресми емес пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Авторын анықтау мүмкін емес және автордың электрондық мекенжайы көрсетілмеген бейресми сын-пікір қорғауда ұсынылмайды.

Алдағы қорғау туралы хабарлама сондай-ақ Комитеттің интернет ресурсында келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік құпияны қамтитын материал мен диссертациядан басқа) орналастырылады.

Диссертацияның қағаз нұсқасы мен электронды тасығыштағы данасы жоғары оқу орнының кітапханасына беріледі. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электрондық тасығыштағы даналарын қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына (мемлекеттік құпиясы бар диссертациядан басқа) тапсырады.

3.10 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың материалды авторға және алу көзіне сілтемесіз пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Егер МҒТС МҰҒТСО-да докторант алынған материалды авторға және алу көзіне сілтеме жасамай пайдалану фактісі анықталған жағдайда диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдайды.

3.11 Рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынады, онда таңдалған тақырыптың өзектілігі, диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырым, қорытынды, ұсынымның негізділік дәрежесі және оның практикалық маңыздылығы, олардың жаңалығы бағаланады, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

Рецензенттерді ауыстыру қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Егер рецензентті ауыстыру туралы шешім кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешігіп қабылданса, онда қорғау күні өзгертіледі. Рецензенттердің пікірінің көшірмесі докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады. Пікір осы тармақтың талабына сәйкес келмеген жағдайда диссертациялық кеңес 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша қарау үшін рецензентке кері қайтарып береді немесе рецензентті ауыстырады. Рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тартқан немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда да жүргізіледі;

4 Докторлық диссертацияны қорғауды жүргізу тәртібі

4.1. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғалым хатшысы Диссертациялық кеңестің отырысында өздерінің міндетін ғылыми кеңесшілер болып табылатын докторанттың диссертациясы қаралған жағдайда орындай алмайды. Диссертациялық Кеңес төрағасының міндетін атқару төрағаның орынбасарына жүктеледі, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндетін атқару диссертациялық кеңестің шешімімен басқа мүшелерге жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғаудың бейнежазбасын және стенограмманы ресімдеуді қамтамасыз етеді.

4.2 Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оның жұмысына оның мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды болып саналады. Рецензенттердің бірі болмаған жағдайда (дәлелді себеппен) оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Рецензенттерге қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің осы отырысында on-line режимінде бейнеконференция түрінде сөйлеуге рұқсат етіледі.

4.3 Диссертациялық кеңестің бір отырысында 2 (екі) диссертация қорғалады, 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) отырыс өткізіледі.

4.4 Докторлық диссертацияны қорғау on-line режимінде қатысушыларды тексеруге, оның экраны мен іс-қимылын қадағалауға, сондай-ақ қорғаудың бірыңғай бейнежазбасын жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарлама арқылы жүзеге асырылады, кеңестің әрбір мүшесі мен докторанттың интернетке қол жетімділігі бар компьютері (немесе ноутбук, планшет, макбук, смартфон және т.б.) болуы және арнайы бағдарламаға кіру мен авторизация үшін қажетті деректері болуы тиіс.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің диссертацияны қорғау жөніндегі online отырысына да Диссертациялық кеңес құрамының 1/3 (үштен бір бөлігі) бейне-конференция нысанында қатысуы ескеріледі.

4.5 Диссертацияны қорғау бойынша Диссертациялық кеңес отырысының рәсімі мынаны қамтиды:

- төрағаның кворум, отырысты өткізу құқығы туралы кіріспе сөзі, докторантты, мамандығы, диссертация тақырыбы туралы хабарлау;
- ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторанттың құжаттарының нормативтік талапқа сәйкестігін жариялау үшін ғалым хатшының сөз сөйлеуі;
- докторанттың сөз сөйлеуі (20 минутқа дейін);
- докторантқа сұрақтар, докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;
- рецензенттердің сөйлеген сөздері;
- рецензенттердің ескертуіне докторанттың жауаптары және олардың ұсынысы бойынша қорытынды;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;
- докторанттың қорытынды сөзі;
- төрағаны қоспағанда, диссертациялық кеңес құрамынан 3 (үш) адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлау;
- ғылыми дәреже беру туралы өтініш беру мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;
- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижесі туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;
- көпшілік алдында қорғау нәтижесін жариялау;
- қорғау негізінде диссертация бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

4.6 Диссертациялық кеңес докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш беру туралы немесе осы дәрежені беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беру өткізеді.

4.7 Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырысқа қатысқан диссертациялық кеңестің 2/3 (үштен екісі) және одан көп мүшесі дауыс берсе, оң шешім қабылданды деп есептеледі. Егер оң шешімге отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) кем дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

Теріс шешім қабылдаған кезде диссертациялық кеңес қорытынды жасайды, онда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген осы Ереженің, Үлгілік ереженің, ғылыми дәрежелер беру қағидасының (бұдан әрі – ереже) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетіледі. Төраға мен ғалым хатшы қол қойған рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің пікірлерінің көшірмесі, отырыстың бейнежазбасы, стенограммасы және диссертациялық кеңестің қорытындысы шешім қабылданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі;

4.8 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертацияны қорғау жүргізілген жоғары оқу орнына шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін түрде береді.

Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман енгізіледі. Ереженің 12-17-тармақтарына сәйкес жұмыс істейтін ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалын қарайды және ол құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижесі бойынша қорытынды дайындайды.

Апелляциялық комиссияның қорытындысын ашық дауыс беру негізінде комиссия мүшелері көпшілік дауыспен қабылдайды және оған комиссияның барлық мүшесі қол қояды. Комиссияның қорытындысы оң болған жағдайда комиссия хаттамаларының көшірмесі, қорытынды және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның қорытындысы өтініш берушіге оны қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабарланады;

4.9 Кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін қалыптастырады, ол диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі. Бұл мерзім өткеннен кейін аттестаттау ісі қарауға қабылданбайды. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына жіберілген күнін көрсете отырып, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған диссертациялық кеңес құрылған жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хат-қолдау хат;

2) қатты мұқабада және электронды тасығышта (CD-дискіде) диссертация;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымның тізімі мен көшірмелері;

4) осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде диссертацияның тіркеу-есепке алу карточкасы;

5) докторанттың авторға және алу көзіне сілтемесіз материалды пайдалануына диссертацияны тексеру жөніндегі Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы;

6) ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

7) 2 (екі) рецензенттің пікірі;

8) осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

9) төраға мен ғалым хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасы мен стенограммасы (8- қосымша);

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, оларға қосымшалардың көшірмелері (транскрипт көшірмелері);

11) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипттің көшірмесі;

12) осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған докторант туралы мәліметтер;

13) оқу орны бойынша ЖОО-ның кадр қызметі растаған жеке іс парағы.

4.10 Аттестациялық істің екінші данасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне 1 (бір) жыл бойы сақтауға жіберіледі, содан соң университет мұрағатына жіберіледі. Аттестациялық істің үшінші данасы диссертациялық кеңестің ғалым хатшысында 2 (екі) жыл бойы сақталады.

4.11 Қорғалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде диссертацияның екінші данасы түптелмеген түрде қағаз және электрондық тасығышта және диссертацияның есептік карточкасының екі данасы мемлекеттік және орыс тілінде «МҰҒТСО «АҚ-ға жіберіледі.

4.12. Қорғау нәтижесі бойынша диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған жағдайда осы диссертация қайта өңделген түрде теріс шешім шығарылғаннан кейін бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін.

5 Диссертациялық кеңестің жауапкершілігі

5.1 Диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға диссертациялық кеңестің төрағасы жауапты.

5.2 Комитет нұсқамасының орындалуына белгіленген мерзімге сәйкес диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жауапты.

диссертациялық кеңестің мүшесі төрағаның ұсынысы бойынша тиісті диссертациялық кеңестің құрамынан шығарылады. Диссертациялық кеңестің жаңа құрамы университеттің Ғылыми кеңесінің хаттамалық шешімімен бекітіледі.

5.4 Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімнің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

Диссертациялық кеңес кеңестің қызметі туралы ақпаратты университеттің интернет ресурсында орналастыруға жауапты.

6 Қорытынды ереже


6.1 осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңес төрағасы



Мажитаева Ш.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Қалиев Б.А.

5.3 Диссертациялық кеңес мүшелері диссертациялық кеңестің отырысына қатысуға міндетті. Күнтізбелік жыл ішінде дәлелді себепсіз Диссертациялық кеңестің үш отырысына қатыспаған